

Мемлекеттік жер ресурстары және жерге орналастыру ғылыми-өндірістік орталығының еншілес мемлекеттік кәсіпорындары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 30 желтоқсандағы N 1682

"Мемлекеттік кәсіпорын туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2235 Заң күші бар Жарлығына сәйкес (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің ведомостары, 1995 ж., N 9-10, 66-бап) Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетінің Мемлекеттік жер ресурстары және жерге орналастыру ғылыми-өндірістік орталығына "Жерге орналастыру жөніндегі Қазақ мемлекеттік жобалау институтын Жер ресурстары және жерге орналастыру мемлекеттік ғылыми-өндірістік орталығы етіп қайта құру туралы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 28 ақпандағы N 230 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 12, 112-бап) қосымшаға сәйкес өндірістік бөлімшелердің негізінде еншілес мемлекеттік кәсіпорындар құруға рұқсат етілсін және екі ай мерзім ішінде белгіленген тәртіппен олардың жарғыларын бекітсін.

2. Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті белгіленген тәртіппен мемлекеттік жер ресурстары және жерге орналастыру ғылыми-өндірістік орталығының (МемжерҒӨБ) жарғысын Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келтірсін.

3. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

бірінші орынбасары